

Бақыт КӘРІБАЕВА,

филология ғылымдарының
докторы, профессор,
жазушыАБАЙ
Абай ақиқаты -

Каламгер Әймен Ігілік бүгінгі қазақ қоғамына төте сауал тастайды: «Тұлға сұрақ — қазақ Абай атасын танығысы бар ма? Жоқ па? Әу, қазағым, беталды бас алып қашпағыңа — айдалаға ауа лағұлыңа не жорық? Кімге қиын қылғаның?! Сен сүймесең, әлем сүймейді, сен сүйінерлік болмасаң, Абай сүйінерлік болмайды деп дәмеленгенің бе?! Әлем Абайдың да сүйінерлігіне: сүйсінерлігіне жараған. Өркениет — Құдай жолы осылай: «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп». Арда туған ұлдарын атып-асып жатқан — қазақ, бауыр еті баласын тастап-сатқан — қазақ, арақ, нашаға бөккен қазақ бар байлығы — ата жерін сатып жіберген — қазақ. Өз білгендігін, өз талқандығын, өзіңше озғандығың осы ма?! Мұндайлығыңа данышпан Абай атаның жазығы не еді, сонша?! Бар-жоғыңды айттың зарлаған дана атаңды күнсіңген қазақтар жетісіп кеткендігін — бүгінгі қап-қапшық, ала дорба, коробке — соробі арқалағаның ба?!» («Ақиқат», №10, 2015). Бұл ұзақ монолог түйінін философ Әбілрашит Бәкірұлы: «... жасаратыны жоқ, техникалық потенциалды дамыта отырып, өзіміздің кәсіпкерлік берік іргестасты қалау мүмкіндігі болды. Бірақ жекешелендіру кезеңінде ұстағаның қолыңда кетті. Сауда — басты күн көріс саласына айналды. Ал жалпы қоғам дамуына сауда-саттық әсер ете алмайды: өйткені сауданың еш жағалығы жоқ. Сәйкесінше жаңалығы жоқ жерде ізденуде, даму да болмайды. Керісінше, қазақтың тілін, мәдениетін шетелдік тауарлар арқылы — экспансиялаудың бір жолы. Сойтіп бірте-бірте адам потенциалын да әлсіреттік», — деп түйіндейді.

Абай мұрасының бүгінгі орыстың жанаушылары: «Бронзовый саркофаг или духовный оппортунизм «Советстанцев» айдарында бүгінгі қоғамдық ой толғағын Абаймен орайластырады: «Думаю, кого среди казахов сегодня я бы мог любить или уважать?» (Абай, слово 22)». Как можно, ориентируясь на эти мысли и наставления, им стоять на своих позициях, и не делать, по сути, ничего. Или, отлив Абая в бронзе своих слов, они думают, что «приватизировали» и его, оставив только себе право пользоваться его высоким именем, а на самом деле топить в этой же бронзе смысл его слов? Тогда это не памятник классике, а бронзовый саркофаг, которым укрывают от «лишних взглядов» то, чего стыдятся» («Деловая неделя», 16 ноября 2007). Бұл — Абайды халықаралық талап-тілек ережесімен өлшеу. Советтік Абайтану «мұрагерлерін» — бүгінгі қазақ мәдениеті «қарсыластары»: «духовный оппортунизм «Советстанцев» деп айыптау деп білген жөн. Өйткені «Төңкеріске дейін қазақ әдебиетіне «аға» бөйлерлік кісі жоқ» — сөзін — теріс танымын Сәбит Мұқановтың, бүгін «авторитарлық Абайтануға» айналдырғанымыз жалған емес. Абай әлемдік өркениет контекстінен түсіп калмақшы. Алайда Абай — «қазақ шындығы» тарихқа өшпестей таңбаланып қойды. Сенімді колға табыс етіліп кетті...

Прогресске қарсы Абай қарсыластары ежелден патша әскерінің қатаң бақылауындағы бекініс — Семейден: «ел бүлдіруші — патша ағамға қарсы шығуы» деп, Абай үйін саяси сенімсіздік ошағы етуінде де, Абайдың өміршен «шындығы» тұр... Өркениеттік Абайды өз орнына қою қазақ қоғамына оңайға түскен жоқ: құрбандық тіледі, ессесіне Абай тірі қалды.

Абайдың «Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ» концепциясын жариялауы — басқыншылық «саясатқа» жауап болуы. Сондықтан Абайды Еуропа «тарихына» тұңғыш таңбалаған — тыңнан түрен түсірген Әлихан Бөкейханов ақын «жұмбағына» бойлай енді: Қазақ тарихы ренессанстық кезеңінің Абай — басты «Маннфестіне» айналды.

Ресей өткен ғасыр басында алып империя тарихын «Россия. Полное географическое описание» көп томдықты ең тандаулы оқымыстылары П.П.Семенов-Тянь-Ванский, В.И.Ламанскийлер басшылығына сеніп тапсырғанда, 18-томы «Киргизский край» бөлігіне Бөкейхановтың таңдалуы — кездейсоқ емес, білімділік қисыннан шыққан заңдылық еді. Орта Азиядағы түркі халықтары ішіндегі сан-сапа, жер көлемімен қазақ алдыңғы қатарда тұрды: Ыбырай, Абай, Шокан тәрізді Еуразиялық тұлғаларды туыдырмай тұра алмады. Бөкейхановтың бұлардан бөле-жару мүмкін емес еді. Ендеше, Абайды — қазақ қоғамының ұлы реформаторын Ленин-Плеханов үзеңгілесі, Шығыстану ілімінде Шоқан ізін басқан, өз-Жәнібектен қалған «елдік сана», Бөкей тұсында өркен жайған «би тілі» бесігінен — Абай топырағы арасынан туған Әлихан ағаш тануы — «Абайтану» ілімінің басында тұруы — қазақ қоғамын бір ғасырға ілгерілетті: ғылым, білім, саясат өзегіне айналдырды. Абайдың ұлттық тіл кестесінде «Онашада ояға мақтамаймын елімді, өз елім айтатын бергем жоқ деп белімді» — хас әдебиетті Әлихан қапысыз көрді. Сондықтан юрист, экономист, сұңғыла саясаткер Әлихан қазақ қонысы — географиясымен қатар бұл тарихи кітапқа ұлттық поэтикасын — Абайды, ешкім өшіре алмайтын түп-нұсқа мазмұнда жазып

қалдырды. Бұл — Абайдың тірі кезі — 1903 жыл болатын. 1905 жылы Абайдың қайтыс болуына орай «Семипалатинский листокқа» жазылған некрологта Әлихан бұл «Абай» Жобасын толықтырды — жүйелі түсті. Екі жыл өткенде «Записки Семипалатинского подотдела западносибирского отдела императорского русского географического общества» (1907) деп аталатын кітапта Абайдың өмірбаяны суретімен басылып шықты. Басқа, Бөкейханов бұл жүйелі істерінде Абайтанудың о бастан-ақ ғылым ретінде қалыптасуына алғышарт жасаған: тұңғыш түрен түскен «Абайтануды» ол қазақ әдебиетінің контекстінде — көркем көру үлгісінде танып-таныта білуі — аса маңызды.

Абай ауыз әдебиетінен — халық тілінен ауызданды — жоғарыдағы қазақ поэтикасы Еуропаға тұңғыш терезе ашқан кітапта (1903) сөзбасын 1833 жылы А.С.Пушкин хатқа түсірген «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырынан — қазақ халқының тіл байлығы, мәдениеті, ойлау, есте сақтау қабілетінен бастап Абайға шығуы — Әуезов аяқтаған «Абайтанумен» тұтастық табады: Әуезов бұл концепциядан — Әлихан «ізінен» ел басына үйірілген ақ түтек боранда — аласпады, көк мұзда да табаны таймады.

Әлихан қазақ әдебиетіне Абай жасаған реформаға терендей бойлаған кісі — 1970 жылы Радлов жинап жариялаған кітаптан Шортанбай Ноғайбайды оқымауы мүмкін емес: Қарқаралы дуанына кенінен мәлім Шортанбайға жасынан қанық Әлекен, бұларды Абаймен қатар зерттеуі — ақындығын безбенге тартуы — Абай өреселі поэтикалық сауаттылығынан хабар береді — Абай алдындағы мектепті түгел тауысып барып, Абайдың жана бағытын: «Наконец как представителя нового течения в киргизской поэзии следует называть Кунанбаева — автора многих стихотворений, изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргизов): таким образом у семипалатинских «еленши» (певцов) можно слышать, например, «письмо Татьяны», распеваемое, конечно, на свой мотив» (204 стр.).

1905 жылғы «Қазанамат» (некролог) Абай өмірімен қоса «осы таным» тезис түрінде толық жарияланды деуге болады: «...Абай, как эти стихи покажут, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость киргизского народа. Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай, чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы» — дейді (сонда). Бұл — Абайды Гете, Пушкин, Лермонтовтар қатарынан көрген Әлихан ақынның көркем танымның кепілі.

Советтік әдебиеттану Абайды көркем тани алмады: саясаттандырды — сағын сындырды. Шауып шыққан шыны — Абайды орыс әдебиетінің «көшірмесі» деп білді. Қуаныштысы, жалпақ Ресейге Абай есімі — табиғи дарыны төңкеріске дейін-ақ мәлім болған: қауымның орыс озық ойлыларын өзіне тәтті еткен. Уәлаят генерал-губернаторлығының «Особое приращение к Акмолинским областным ведомостям» деп аталатын баспасөз мағлұматында: «Батыс Сібір және Семей өлкесінің ірі ғылыми қызметкері Е.П.Михаэлис қазақ даласында поэтикалық ірі талант тапты. Ол — қазақ ақыны Ибрагим (Абай) Құнанбаев еді. Михаэлис соны бірнеше жылдар тәрбиелеумен шұғылданды. Соның нәтижесінде қазақ халқы Құнанбаевтай тамаша ақынға (не болды, ол ақынның өзі жазған және аударған: (қазақ тіліне Крыловтың мысалдарын, Пушкиннің кейбір шығармаларын аударды) талантты шығармаларын күллі сахара ынтыға оқыды» (1888, 18 ноябрь). Іле Абай «Дала уәлаяты» басылымына «Жаз» өлеңін тұңғыш өз атынан (бұрын Көкбай атынан жария еткен — Б.К.) бастыруында да Әлихан ақынның әсері — басқа да талантты табынушылардың күрт молаюы себепші болғаны — өзін-өзі анық танығаны байқалады.

Абай данқы аз уақытта Батыс Еуропаға мәлім болды: 1885 жылы жаз, 1890 жылға дейін Россияның азиялық және сібірлік аймақтарына 4-5 мәрте саяхат жасаған американист журналист Джордж Кеннан, суретші Форст келді. Олар Семейде 1883

жылы ашылған музейдің этнографиялық бөлігіне ерекше ден қояды: Форст музейге Абай тапсырған қобызды, шамдалды, күміс белбеу-кісенді, т.б. заттарды суретке түсіріп алады. 1878 жылы Семей облыстық статистика комитеті құрылады. Комитет 1983 жылы 24 сентябрде Семейдегі тұңғыш мәдени-ағарту мекеме — облыстық өлкетану музейін ашып, жанынан қоғамдық кітапхана ұйымдастырады. 1878 ж. облыстық статистика комитетінің тұңғыш ғылыми хатшысы Е.П.Михаэлис еді: Семейге 1869 ж. келіп, 13-14 жыл тұрған. Отчет 1899 года Семипалатинского областного статистического комитета: действительные члены ...Е.П.Михаэлис, А.И.Деров, Ибрагим Кунанбаев (избран 4 мая 1886 г.).

1886 ж. 1 қаңтар 83-тің 14 мизамынан аралықтағы есебі: «Өткен жылы (1885) Долгополов музейдің қазақ елінің тұрмыс-салтына арналған этнография бөліміне көп заттар әкеліп қосты: жасау-жабдығымен қазақтың кигіз үйі, музыка аспаптары, егін шаруашылығы құралдары, т.б.» (Семипалатинские областные ведомости, №19 10 май 1886 год).

Полициймейстер (1885, 10 тамыз, №251) Семей облысының генерал-губернаторына жолдаған құпия рапортында: «Осы жылдың 15 тамызына дейін Семей уезі, Шыңғыс болысындағы Құнанбай Өскенбаев ауылында болып қайтуға рұқсат алып кеткен, айдауда жүрген Нифонт Долгополов бүгін Семей қаласына қайтып келді. Сіздің 11 маусымдағы №260-М бұйрығыңызды орындап, осыны мәлімдеймін», — деген. Әрине, ол досы Абай ауылында болды: Абайдың бұл жолы қалаға келе алмауы — 1885 жылдың тамызында Құнанбай қайтыс болды.

...Кеннан музей жанындағы кітапханамен танысқан: кітапхана байлығына қайран қалады. Жер аударғандарын талап-талғамада жасақталған — америка журналистін тамсандырған маңдайалды Еуропа ойшылдары еңбектерімен ақыл-ой алыбы Абай осы кітапханада танысты. Жер аударғандармен еңгіме ішінде Абай достары: Лабановский мен Леонтьев болады. (Егер Құнанбай қайтыс болмаса, Кеннан осы «отырыста» Абаймен жүздесуі қаміл — айлап-жылдап кітапхана — орыс достары ортасында мейіріне ой еңбегіне түбегейлі көшкен кезеңі еді, бұл жылдар.) 1891 жылы Лондон нәшірлятында Джордж Кеннанның ағылшын тілінде «Сібір және жер аударушылар» кітабы жарияланды. 1906 жылы «Сибирь и ссылка» деген атпен бұл кітап Петербургте орыс тілінде шығалды. «...Кешіқұрым біз қалаға (Семейге) қайтып келдік те Леонтьевтің үйіне бардық. Бұл үйге көптеген бейтаныс адам жиналған екен. Бәрі де — жер аударғандар. Леонтьевтің үйінде Спенсердің суреті ілулі тұр. Басқа жиһаз жоқ. Қонақ саны 15 адам болады. ...Завязаласамың общий разговор, веселый, живой, непринужденный. В ответ на мой вопрос, Леонтьев рассказал мне историю возникновения Семипалатинской библиотеки, говоря, что она не только служит утешением для ссылки, но и дала большой толчок умственной жизни города. — Даже киргизы пользуются ею. Я знаю старика киргиза — Ибрагим Кунанбай — который не только посещает библиотеку, но читает даже таких авторов, как Миль, Бокль, Дрепер.

— Неужто в Семипалатинске есть киргиз, способный читать Миль и Дрепера — воскликнул удивленный студент. — Смей Вас уверит. В первый же раз, как мы с ним встретились, он удивил меня просьбой объяснить ему разницу между индукцией и дедукцией. А потом я убедился, что он серьезно изучает английских философов и читал всех названных мной авторов. — И Вы думаете, он напоминает прочитанное? — допытывался все тот же студент. — Я два вечера подряд экзаменовал его насчет «умственного развития Европы» по Дреперу — видимо понимает» («Сибирь и ссылка», Петербург, 1906).

Абайдың жаңа жазба дәстүрін игеруі — бүгінгі қазақ әдебиетіне — сын, қазақ санасына — салмақ. Себебі, «төңкеріс» бұл «ілімнің» өрістеуіне жол бермеді. Қазақ тіліне Абай концепциясында реформа жасаған Ахмет Байтұрсынов тұңғыш жазба өнер зерттеушісі — Бөкейхановқа қатты құлақ асқан кісі: «...Тәржіме халын жазушы Әлихан Бөкейханов айтқанына қарағанда Абай Спенсер, Льюис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан Лермонтов деген терең пікірлі ақынның өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайта оқып жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір

өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағанымыз бар». (А.Байтұрсынов. Шығармалары. А. 1989, 303-бет.) Бұл жолдар — күні бүгінге де актуальды.

Абайдың тұңғыш шығармалар жинағының түпнұсқа негізінде Петербургте — башкұрт зиялысы Лияз Бороганский баспаханасынан — (электротпечатная Бороганского. Санкт-Петербург. 1909) басылып шығуынан да, Әлихан қолтанбасын — ыстық демін сезінбеу мүмкін емес. «Қазақ» бой түзеген — 1913 жылы «Абай — қазақтың бас ақыны» (Ахмет Байтұрсынов. «Қазақ» №43) макаласымен ашылуды да, Бөкейхановтан тыс — кездейсоқ жайт емес.

Алаш қозғалысы — Абай қозғалысы. 1914 жылы — санаға түскен «із» суымай Міржақып Дулатовтың «Абай» макаласы жарқ етті. Осы жылы Семей орыс-қазақ зиялысы бас қосқан мәжілісте Абай мұрасы ғылыми-сын талқыға түсті: бел ортасында болашақ мұрагер жас Мұхтардың жүрі — бір ғанибет еді. Қазақ аспаны көгінде пайда болған бұл «шоғыр» Абайды жете түсінді: себебі қазаққа Абылайдай айбынды хан емес, сананы сәулетелендіретін тұлға керек болды, ғасырлар қойнауында қалып кеткен даналығы — тілді тіріткен Абайды бүкіл түркі дүниесі күтіп отыр еді. Абай өнері даналыққа ұласқанда, адамзаттықпен астасқанда оның тамыры ұлттық мақсат-мұратқа лүтіп соғып тұрар еді:

Ауырмай тәнім,
Ауырмай жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарымды көкірек,
Қысылды жүрек.
Ағызды сығып жасымды.

Абай трагедиясы — халық трагедиясы. Халық трагедиясы — тіл трагедиясы. «Абай» трагедиясын 1940 жылы Әуезов сахналағанда, өз атынан айта алмады: Леонид Соболевпен бүркемеленіп айтты. Мұхтардың «Эпос и фольклор казахского народа» — ғылыми құнды «мұрасы» да Леонид Соболев аты тұрмаса жарық көре алмас еді. (М.Әуезов, Л.Соболев. «Фольклор казахского народа», «Литературный критик», 1939, №11, 12).

«Өзі жарымағанның сарқытын ішпе» — Мұхтар «сарқытқа» жарыған жан: мағыналы ғұмырларын Абайға бағыштаған алдыңғы аға сөзіне — семсеріне болаттай суарылғанын айдай әлемге дәлелдеп кетті...

Қазақ көгінде пайда болған бұл шоғыр жұлдыздың сәулесі бүгін жер бетін нұрландырып тұр... Абайға адалдық — қазаққа адалдық. Советтік фанатизмге қарсы шығып, кеудесін окка тосу — адамзаттық асыл сезім — туған халқына деген қайтарымы жоқ, қайталанбас сүйсіненшілік — Абай дәстүрі. «Асыл адам — айнымас» (Абай) — өмірлеріне Абаймен қатар төнгенде: тағдырлары таразыға түсіп, таңдау сәт-сағаты сокқанда, қара бастары емес, «қазақтың бас ақыны» қорғап қалды: Абаймен ажырамай тұтастық тапты. Қазақ руханиятының алтын беліне айналды. Уақыт озған сайын түбінен тұнған түгесілмес рухани қазынаға айналды: ал біздің игілігімізге айнала алды ма?!

Төңкеріс Абайды — Ахметті қабылдамады. Мұны сезген Сәбит Мұқанов рабфак қабырғасынан шықпай жатып-ақ Абайдың жағасына жармасты: «...Төңкеріске дейінгі әдебиет дәуірінде алға шығып бөйге алатын кісі қазаққа жоқ. «Абайды қазақ халқының ағасы деушілік — қате!» деп жазып «Төңкеріс» деп қол қойған мақаланың «Еңбекші қазақ» (19.02.1924) газетінен оқып, Түркістан оқу халық комиссары Сұлтанбек Ходжанов: «...Жоқты жазып, бар әдебиет маңайын былапыттап, басына бір, аяғына бір Сөкен жолдастың атын келтіріп, өзі жазушы болып қол қойған Төңкерісұлының тағы жаласы ма?! Өзі оза алмағаны ыза болған сөзі ме?! Қазақ әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, аға жоқ болғаны ма?! Бар болса кім?! Ұлт әдебиетінің түп қазығын мықтап қазуға еңбегімен себеп болған қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері Байтұрсынұлы Ахмет емес пе?!» («Ақ жол», 03.04.1924) Сәбиттің пікіріне: «Ахметті алатын болсақ, ол жалпы қазақтың Аханы емес, ақ жағалылардың Аханы. Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді кою жөн» («Еңбекші қазақ», 01.03.1923).

Ызаға бұдыққан Сәбен С.Ходжанов пікірлерін шіріген картоп-капустамен атқылайды (С.Мұқанов, шығ. 16 т. А. 1976).

Будда заңы бойынша жамандықтың, жауыздықтың, қастандықтың, қаһарлы «ызақойлық» пен өшпенділіктің мәні — білімсіз топастық.